

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ БҮРКЕНШІК ЕСІМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Кенжеқожаева Ақбота

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы қаласы

ak_bota555mail.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к, доцент м.а. Медетбекова П.Т.

Бүркеншік есім, кейде лақап ат немесе псевдоним (грек. Pseudos – жалған, oputa – есім) – автордың әдебиір мақсатпен өз есімін құпиялылықта ұстап, шын есімін жасырын есімге ауыстырып қолданысқа енгізетін есімі. Тарих қойнауына көз жүгіртсек, бүркеншік есімдердің қалқанына қоғамға белгілі белді тұлғалар, әншілер, суретшілер, жазушылар жүгінген. Мысалы, Алексей Пешков – Максим Горький, Орыс әдебиетінен Н.А. Некрасовтың жұлдызшаны (**), Ф. Тютчевтің үш жұлдызшаны (***) бүркеншік есім ретінде пайдаланған. Ал белгілі қазақ әдебиетшісі, тілші Молдағали Жолдыбаев латынша «V» таңбасын пайдаланды. Алаш қайраткері Ә. Бөкейхановтың дәл осындай бүркеншік есімді қолданғаны жайында дерек бар [1, 15]. Әрине, қазіргі таңда да бүркеншік есімді қолданушылар аз емес. Дегенмен, бүкіл әлемдік өрмекші атанған ғаламтордағы әлеуметтік желілер бүгінгі күннің бүркеншік есімдері жинақталған алпауыт объект. Күнделікті тұрмыста біз түрлі әлеуметтік желілердің көмегіне жүгінеміз. Қарым-қатынас, уақытты қызықты өткізу, іскерлік байланыс, жаңалықтар т.б. Осының барлығы да әлеуметтік желілерге жазылуымызға себепті жағдаяттар. Сондай-ақ, осы желілерге жазылушылардың көбісі дерлік жалған атпен, бүркеншік есіммен жазылады. Бұл үдерістің де өзіндік себептері жоқ емес. Олар:

- Виртуалды әлемде өздерін өзге кейіпкер сезіну мақсатында;
- Өз бойларындағы кейбір комплексті жеңу мақсатында;
- Шынайы есімдерінің айтылуы қолайсыздық тудырған жағдайда;
- Психологиялық кедергілерді жеңу себебінде;
- Тұлғалық қасиеттеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты.

Республика территориясында қолданысқа ие әлеуметтік желілердің саны шексіз. Вконтакте, фейсбук, инстаграм парақшалары, сонымен қатар ұялы телефон қондырғылары, мысалы, Подслушано қондырғысы.

Фейсбук желісінде мынадай бүркеншік есімдер үлкен қолданысқа ие:

- Қазақ Алашұлы;
- Қазақ Алашорда;
- Көкбөрі Қазақұлы;
- Бөрілі Байрақ;
- Тұран Көк Бөрі;
- Қасқыр Қасқыр
- Алаш Ұлы.

В контакте желісінде:

- Көк бөрі;
- Кука;
- Айка;
- Жанка;

- Нурик.

Подслушано қондырғысында:

-Үлпілдек;

-Айран;

- Балаган;

- Добрый Жучок;

- Фанатка Фрейда.

Жоғарыда көрсетілген деректер бойынша Фейсбук желісінің жазылушылары Қазақ, Көк бөрі секілді лақап аттарды көп қолданатын байқауға болады.

Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымның бірі. Көк Бөріге қатысты әңгімелер ежелгі үйсін, түркі және моңғол аңыздарында кездеседі. Көк Бөрі туралы аңыздардың қытай тіліндегі жылнамаларда сақталып қалған біреуінде тұтас бір халықтың жаугершілік заманда қырылғандығы, батпақ ішінде аяқ-қолы шабылып, жараланған он жасар бала ғана тірі қалғандығы айтылады. Ол балаға бір қаншық қасқыр жолығып, емізіп, қанын тоқтатып, жарасын жалап жазып алады. Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Кейін жаулар бала жігітті тауып алып өлтіргенде буаз қасқыр Гаочан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырыныпты. Қаншық қасқыр осы үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналады.

Яғни, бұл бүркеншік есімді қолданушы қазақ елінің тарихымен, әдебиетімен етене жақын тұлға екендігін ұғынамыз. Ал **Алашорда**, **Алашұлы**, **Тұран** секілді бүркеншік есімдер де тарихи оқиғаларға, белгілі бір уақыт кезеңдеріне қатысты туындаған ұғымдар. Фейсбук желісінің жазылушыларының негізгі дені нағыз ұлтжанды, білімді, сауатты тұлғалар екендігіне көз жеткіземіз.

Вконтакте желісіндегі Айка, Жанка, Нурик, Кука сынды бүркеншік аттардың пайдаланылуын түсіндірер болсақ, әрине бұл тұлғалар өз есімдерін қысқартып қолданады, немесе жақындарының, достарының еркелетіп солай атауларына байланысты осы лақап аттарды жамылулары әбден мүмкін. *Бұлар гипокористік бейресми есімді қолданушылар: Айка – Айнұр, Жанка – Жанна, Нурик – Нұрбол, Нұрлан, Кука – Қуаныш.*

Подслушано қондырғысында кездескен *Үлпілдек, Айран, фанатка Фрейда, Балаган, Добрый Жучок* тәрізді лақап аттар бұл тұлғалардың психологиялық дербестілігіне байланысты секілді. Себебі, бұл атаулар олардың характер, қызығушылық, даралық сипаттарынан хабардар етіп отыр.

Бүгінгі таңда бүркеншік есімдер де әлеуметтік желілерді қолданушылар саны өскен сайын көбейе түсуде. Алайда, бүркеншік есімдер қолданысы қажет пе, қажет емес пе? Қолданыстық аясы, уақыты қандай? Бұл сұрақтардың жауабы замана тынысында.

Әдебиет:

1. Нұрболат Аманжол. Бүркеншік есім бүккен сыр. «Жас қазақ», 2013 жыл.